КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
(қысқаша шешім)

2023 жылғы 14 желтоқсан №7119-23-00-2/14600 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ж.Д.Нургалиева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің "Еңбек мобильділігі орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Икрам И.Б.» атынан - Икрам Исламжан Бауржанұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2.тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1 - 267-4 басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Астана қаласы әкімдігінің "Еңбек мобильділігі орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жеке кәсіпкер «Икрам И.Б.» атынан - Икрам Исламжан Бауржанұлына қойған мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы қойған талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Икрам И.Б.» атынан - Икрам Исламжан Бауржанұлы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Икрам И.Б.» атынан - Икрам Исламжан Бауржанұлынан мемлекет кірісіне 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ
«ЕҢБЕК МОБИЛЬДІЛІГІ ОРТАЛЫҒЫ» КММ
КІРІС № 02-04/134

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жеке кәсіпкер «Икрам И.Б.» атынан - Икрам Исламжан Бауржанұлынан мемлекет кірісіне 660 (алты жүз алпыс) теңге мөлшерінде айыппұл және 6 (алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **Ж.Д.Нургалиева**

Документ подписан: Нургалиева Ж. Д., 14.12.2023

Дата вступления в законную силу: 29.01.2024 Судья Нургалиева Ж. Д. 30.01.2024

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ «ЕҢБЕК МОБИЛЬДІЛІГІ ОРТАЛЫҒЫ» КММ
АСТАНА ГОРОДА «ЦЕНТР ТРУДОВОЙ МОБИЛЬНОСТИ» АКИМАТА
ҚҰЖАТТАР МЕН ШАРТТАР ҮШІН

Решение вступило в законную силу 29.01.2024г.